

Маңғыстау еркін экономикалық аймағын дамыту үшін басым маңызы бар бірінші кезектегі мәселелер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 30 қазан N 904. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.02.19. N 213 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Маңғыстау" еркін экономикалық аймағын құру туралы" 1992 жылғы қаңтардың 11-дегі қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Маңғыстау еркін экономикалық аймағы туралы осыған қосылған ереже б е к і т і л с і н .

2. Маңғыстау облысының әкімі:
он күндік мерзім ішінде еркін экономикалық аймақты басқару жөнінде
ә к і м ш і л і к к е ñ е с қ ұ р с ы н ;

әкімшілік кеңеске аймақты дамыту бағдарламасын кейіннен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіту үшін әзірлеуіне көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы экономикалық аймағының Маңғыстау еркін экономикалық аймағының аумағына енгізілген Каспий теңізінің континентальды шельфі аудандары мен аралдарын анықтасын және аймақтың батыс шекарасының сипаттамасын әкімшілік кеңеске табыс етсін.

4. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті:
Маңғыстау еркін экономикалық аймағының әкімшілік кеңесімен бірлесіп екі ай мерзім ішінде кедендік пункттер желісі бар аймақтық кеден басқармасын құрсын және олардың ұсталуы мен жұмыс істеуінің тәртібін анықтасын;

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және ЕЭА әкімшілік кеңесімен бірлесіп кедендік бақылаудың, еркін экономикалық аймаққа әкелінетін және әкетілетін тауарлар мен өзге де мүлікті декларациялаудың тәртібі мен ережесін белгілесін.

5. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Ішкі істер министрлігімен және ЕЭА әкімшілік кеңесімен бірлесіп Маңғыстау экономикалық аймағында келу мен кетудің және шет ел азаматтарының болуының жеңілдетілген тәртібін белгілесін.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті 1992 жылдың IV тоқсанында халықаралық әуе қатынасы үшін "Ақтау" әуежайын, халықаралық теңіз жүк қатынасы үшін, ал теңіз бекетін салу аяқталғаннан кейін - халықаралық қатынасы үшін "Ақтау" теңіз тұрақжайын ашсын. Аталған тұрақжайлар ашық деп ж а р и я л а н с ы н .

7. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Маңғыстау еркін экономикалық аймағының әкімшілік кеңесімен бірлесіп Маңғыстау облысын осы заманғы байланыс құралдарымен кезең-кезеңмен қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асырсын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Материалдық ресурстар министрлігі Маңғыстау еркін экономикалық аймағының жұмыс істеуі және дамуы үшін қажетті орталықтандырылып бөлінетін өнімдер бойынша материалдық-техникалық ресурстар бөлуді, сондай-ақ еркін нарықта тауарлар сатып алу жөнінде делдалдық қызмет көрсетуді көздейтін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Маңғыстау ЕЭА-ғы әкімшілік кеңесінің аймақ аумағындағы республикалық меншік объектілерін мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру, экономикалық және әлеуметтік даму қорында жинақтау үшін жекешелендіру барысында алынған қаржының бір бөлігін ЕЭА-ның әкімшілік кеңесіне беру, сондай-ақ аймақтың кепілді валюталық қоры, Маңғыстау еркін экономикалық аймағының әкімшілік кеңесіне мемлекеттік меншікке иелік ету хұқын беру жөніндегі ұсынысын қарау ұсынылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 2 ж ы л ғ ы 3 0 қ а з а н д а ғ ы
N 9 0 4 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Маңғыстау еркін экономикалық аймағы туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының аумағында құрылған, бұдан әрі қарай "Маңғыстау" ЕЭА деп аталатын Маңғыстау еркін экономикалық аймағындағы шаруашылық қызметтің хұқықтық негіздері мен құрылу мақсатын айқындайды.

1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. "Маңғыстау"ЕЭА оған Қазақстан Республикасы экономикалық аймағы Каспий теңізінің аралдары мен континентальды шельфі енетін Маңғыстау облысының әкімшілік шекараларында орналасқан және ол Қазақстан

Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

2-бап. "Маңғыстау" ЕЭА мынадай мақсаттарға құрылады:

- өңірдің табиғи, өндірістік және зиялылық әлеуетін жұмылдыру негізінде аумақтың және тұтас алғанда республиканың экономикасын халықаралық еңбек бөлісіне кешенді әрі тиімді тарту;

- өңірдің өндірістік күштерін жеделдете дамыту, кәсіпкерлік қызметті жандандыру жолымен осы заманғы ғылым және техника жетістіктерін игеру және өндіріске енгізу, шетел капиталын, технологиясы мен басқару тәжірибесін тарту, шетелдермен ғылыми-техникалық және сауда-экономикалық қарым-қатынасты жеделдету;

- аймақ аумағының табиғи ресурстарын ұтымды да кешенді игеру, аймақ пен республиканың экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайту, импортты алмастыратын өнімдер өндіруді дамыту;

- осы заманғы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар құру;

- әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттерін жеделірек шешу негізінде облыстың және тұтас алғанда республика халқының әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыру.

"Маңғыстау" ЕЭА құру мақсатын жүзеге асыру шаруашылық жүргізудің жаңа нарықтық түрлерін дамыту, кәсіпкерлікті (соның ішінде шетелдік) ынталандыру, капиталдар тарту, бірлескен кәсіпорындар, халықаралық акционерлік қоғамдар мен консорциумдар құру жолымен аймақ экономикасын дүниежүзілік шаруашылыққа кіріктіру негізінде іске асырылады.

3-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында заңдық ұйымдар мен жеке адамдардың (шаруашылық жүргізуші субъектілерінің) қызметі, "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңмен Қазақстан Республикасының оған қайшы келмейтін заңдарымен және осы Ережемен реттеледі.

Қазақстан Республикасының заңдарында "Маңғыстау" ЕЭА аумағындағы шаруашылық қызметтің жекелеген мәселелері реттелмеген жағдайда, ЕЭА туралы Ережеге тиісті өзгерістер енгізгенше, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының жалпы нормалары қолданылады.

4-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағы кедендік шекарасы бар бірыңғай экономикалық кеңістік болып табылады.

Аймақтың, республикасының, басқа да мемлекеттердің азаматтарының шекараны кесіп өтуі, сол сияқты тауарларды әкелу мен әкету Қазақстан Республикасының шекаралық және кедендік режимінің ережелеріне сәйкес УЭА басқару органы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2 бөлім. "МАҢҒЫСТАУ" ЕЭА БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

5-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағындағы мемлекеттік өкімет органы халық депутаттарының Маңғыстау облыстық Кеңесі болып табылады.

"Маңғыстау" ЕЭА аумағындағы жоғары басқару органы ЕЭА-тың әкімшілік кеңесі болып табылады, ол Маңғыстау облысы әкімінің шешімімен "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тіркелген республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, бірлестіктердің өкілдерінен құрылады.

"Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының заңдары, осы Ереже, халық депутаттарының Маңғыстау облыстық Кеңесі бекіткен Маңғыстау еркін экономикалық аймағының әкімшілік кеңесі туралы Ереже негізінде жұмыс істейді.

6-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесінің төрағасы Кеңестің қарауындағы мәселелер бойынша халық депутаттары облыстық Кеңесінің бақылауында болады, оны Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды, өзі оған есеп береді.

7-бап. Халық депутаттарының Маңғыстау облыстық Кеңесі өз құзыры шегінде мемлекеттік меншіктегі объектілердің ұтымды пайдалануына бақылау жасау хұқын өзіне қалдыра отырып, мемлекеттік меншіктегі объектілерге (жер, су, жер қойнауы және басқа да табиғи ресурстар, ұзақ пайдаланатын үйлер, ғимараттар) иелік ету хұқын ЕЭА әкімшілік кеңесіне береді.

Заңды ұйымдардың және азаматтардың өздерінің пайдалануына берілген жер учаскелері мен басқа да табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың шарттарын бұзушылығы, иесіне келтірілген залалды өтей отырып, пайдалану хұқығын тоқтатуына және экологиялық жағдайын қайта қалпына келтіруіне әкеліп соғады.

8-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесінің құрылымы халық депутаттарының Маңғыстау облыстық Кеңесі бекіткен басқару схемасымен аяқындалады.

Аймақтың әкімшілік кеңесі өз қызметінде "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңда анықталған функцияларды орындайды, сондай-ақ:

табиғи зілзала, өндірістік апаттар, қатерлер пайда болған кезде ЕЭА халқын қорғаудың ұйымдастырылуына жауап береді және бақылау жасауды жүзеге асырады, бейбіт уақытта төтенше ахуал пайда болған және қатер төнген жағдайда дұрыс іс-қимыл жасауға халықтың барлық жігінің әзір тұруын қамтамасыз етеді;

ЕЭА дамыту бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз етеді. Бағдарлама бойынша шешімдер алу кәсіпкерлікті қолдау, бәсекелестікті дамыту мен монополизмді шектеу жөніндегі шараларды ескере отырып жүргізіледі;

республика Үкіметі айқындаған халыққа білім берудің мемлекеттік стандартын, тиісті республикалық ведомстволармен келісім-шарт негізінде жоғары және арнаулы орта оқу орындарында ЕЭА аумағында орналасқан

республиканың халық шаруашылығы үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз етеді;
республика үшін тиісті ведомстволар әзірлегеннен төмен емес нормативтер бойынша оқу орындарын, тәрбиелік, емдеу-сауықтыру және санитарлық-гигиеналық мекемелерді қаржыландыруды жүзеге асырады;
табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану, өндірістік қызметтің аймақтың экологиялық жағдайына теріс әсер етуін азайту жөніндегі шаралар кіретін айналадағы табиғи ортаны қорғаудың кешенді бағдарламасын әзірлеп, орындалуын жүзеге асырады.

9-бап. Әкімшілік кеңестің өз құзыры шегінде қабылдаған шешімдері "Маңғыстау" ЕЭА аумағында жұмыс істейтін барлық шаруашылық субъектілерінің орындалуы үшін міндетті.

ЕЭА әкімшілік кеңесі шаруашылық жүргізуші субъектінің, егер бұл қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, шаруашылық, қаржылық және өзге де қызметіне араласуына хұқығы жоқ. ЕЭА әкімшілік кеңесі мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара қарым-қатынасының негізін келісім-шарттар мен контрактылар құрайды.

10-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі қосалқы аймақ аумағында әлеуметтік-экономикалық процестердің дамуына тиімді басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін, оларға шаруашылық қызметінің айрықша режимі белгіленетін мамандандырылған сауда, өндірістік және басқа да қосалқы аймақтарды өңір аумағында құра алады.

3 бөлім. "МАҢҒЫСТАУ" ЕЭА ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗДЕРІ

11-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Ережемен тыйым салынбаса, кез-келген кәсіпкерлік қызмет түрлері жүзеге асырылады.

"Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі қызметтің жекелеген түрлеріне тек мынадай негіздерде ғана тыйым сала алады.

егер атқарылатын қызмет аумақтың және халықтың хауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

егер атқарылатын қызмет жағдайы немесе оның нәтижесі белгіленген экологиялық талаптарға сәйкес келмейтін болса;

егер атқарылатын қызмет халықтың денсаулығы мен көңіл-күйіне қатер төндіретін болса;

егер атқарылатын қызмет тарихи, мәдени және табиғи ескерткіштердің сақталуына қатер төндіретін болса;

егер атқарылатын қызметке Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарда тыйым салынған болса.

12-бап. ЕЭА аумағында, сол сияқты одан тысқары жерде тіркелген

шаруашылық жүргізуші, оның ішінде шетелдік субъектілер, аймақ аумағы шегінде инвестицияларды бірлесіп те, дербес те жүзеге асыра алады.

"Маңғыстау" ЕЭА аумағынан тысқары орналасқан кез-келген заңды ұйымдардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркеуден өткеннен кейін, аумақта өзінің филиалдарын немесе жаңа кәсіпорындарын құруға хұқы бар.<*>

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.13.

№ 1327 қаулысымен.

13-бап. Шетел инвесторлары "Маңғыстау" ЕЭА аумағында инвестицияларын :

- Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерімен бірлесіп ұйымдастырылған кәсіпорындарға үлес қосып қатысу;
- өздеріне түгелімен тиесілі кәсіпорындар мен олардың филиалдарын құру;
- мүліктер, акциялар мен басқа да бағалы қағаздар сатып алу;
- жерді пайдалану хұқысын, оның ішінде қосалқы жалгерлік хұқты ұзақ мерзімді жалгерлік туралы келісім негізінде алу жолымен жүзеге асыра алады.

"Маңғыстау" ЕЭА аумағында банкі және сақтандыру салаларында шетел инвестициялары бар кәсіпорындар құруға рұқсат етіледі.

ЕЭА аумағындағы шетел инвестицияларының заттық мәні шаруашылық қызметін жүзеге асыруға арналған мүліктік хұқ пен табиғи ресурстарды пайдалану хұқын алған өнеркәсіптік және басқа да кәсіпорындар, үйлер, ғимараттар, өзге де мүліктер, кәсіпорындардың мүліктеріндегі үлестер, акциялар мен басқа да тауар белгілері, ноу-хау мен фирмалық атаулар болуы мүмкін.

14-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағындағы шетелдік инвестициялар Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан хұқықтық жағынан қорғалуын пайдаланады. Олардың режимдері Қазақстан Республикасының заңды ұйымдары мен азаматтарының мүліктері мен мүліктік хұқтарына арналып белгіленген тиісті режимдерден қолайсыз болмауы тиіс.

Аймақ аумағындағы шетелдік заңды ұйымдардың меншік хұқысының кепілдігін "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі шарт негізінде кепілді валюта қорын құру жолымен, сондай-ақ оның меншігінде тұрған мүліктерді кепілге беру жолымен қамтамасыз етеді.

15-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да бар немесе құрылатын кәсіпорындар, сондай-ақ ЕЭА аумағынан тыс жерде тұрған кәсіпорындардың аймақта бар немесе құрылатын филиалдары, бөлімшелері мен өкілдіктері заңда белгіленген тәртіппен тіркеуіне жатады.<*>

"Маңғыстау" ЕЭА аумағында заңды ұйым құрмастан ұдайы жекелей еңбек қызметін жүзеге асыратын азаматтар заңда белгіленген тәртіппен кәсіпкерлер ретінде тіркеледі.<*>

ЕЭА-да жаңадан құрылатын кәсіпорындар, филиалдар, бөлімшелер,

өкілдіктер, қоғамдық және өзге де ұйымдар заңда белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін заңды ұйым хұқысына ие болады.<*>
(4 - ш і б ө л і к) . < * >

"Маңғыстау" ЕЭА аумағына тіркелген заңды ұйымдар, жеке адамдар шаруашылық жүргізуші субъектілер "Қазақ КСР-індегі экономикалық аймақтар туралы" Заңмен және осы Ережемен берілген барлық хұқықтарды пайдаланады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.

16-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының заңдарында, осы Ережеде көзделген немесе құрылтай (тіркеу) құжаттарында баянды етілген міндеттемелерін бұзған жағдайларда аймақ аумағындағы заңды ұйым қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауға хұқылы.<*>

Ескерту. 16-баптан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.

17-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тіркелген, Қазақстан Республикасының тікелей басқаруында болмайтын заңды ұйымдар дербес әрі заңды ұйымдардың ведомстволық және өзге де бағыныстылығынан тәуелсіз болып табылады.

"Маңғыстау" ЕЭА-дағы шаруашылық жүргізуші субъектілер өздерінің шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін толық жауап береді.

Аймақ аумағында Қазақстан Республикасы, халық депутаттарының облыстық және жергілікті Кеңестері аймақта өз қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндеттемелері бойынша қаржылық жауап бермейді.

18-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да орналасқан немесе тіркелген экономикалық субъектілердің шаруашылық қарым-қатынастары келісім-шарт негізінде құрылады.

ЕЭА шаруашылық жүргізуші субъектілері өндірістік бағдарламаны дербес өзі қалыптастырады және өндірілген өнімдерді (қызметті) өткізеді. Өзі шығарған өнімдер, егерде Қазақстан Республикасының мемлекетаралық келісімдерінде өзгеше көзделмесе, оны өндірушілердің толықтай иелік етуіне келіп түседі.

ЕЭА-да Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің келісімімен іс қағаздарын жүргізу мен бухгалтерлік есепте халықаралық стандартты қолдануға ж о л б е р і л е д і .

19-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілер коммерциялық делдалдықты қоса алғанда, сыртқы экономикалық қызметті өздері дербес жүзеге асырады, меншік нысанына қарамастан отандық және шетелдік инвесторларды қатыстыра отырып бірлескен кәсіпорындар құру мәселесін ш е ш е д і .

20-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі барлық азаматтардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және ЕЭА аумағында жұмыс істейтін басқа да

мемлекеттердің кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің заңды мүдделері мен хұқықтарының сақталуына кепілдік береді. Мемлекеттік мүлікке айналдыруға, сондай-ақ заңға негізделмеген инвестицияларды ықтиярсыз қайтарып алу жөніндегі шараларға жол берілмейді. Сонымен қатар, инвестордың өз міндеттемелерін өтегенге дейін оның әкету хұқығын уақытша тоқтата тұрудан басқа, инвесторлық мүліктерін шектеуге немесе пайдаланбауына жол берілмейді. Ықтиярсыз қайтарып алу тек қана сот шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

21-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілерге, шаруашылық режимін өзгерткен жағдайларда, тіркеу кезіндегі тиісті шарттар негізінде қызметін бір жыл бойы жалғастыру хұқына кепілдік беріледі.

22-бап. Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің заңды ұйымдары мен азаматтарына ЕЭА аумағында олардың жүзеге асыратын қызметіне лауазымды адамдардың, мемлекеттік және өзге де органдардың негізсіз араласуы нәтижесінде келтірілген зияндары соттың немесе төрелік соттың шешімімен осы органдардың немесе лауазымды адамдардың өтеуіне жатады.

23-бап. ЕЭА-да жұмыс істеуші шетелдік инвесторларға өздерінің пайда түрінде, сондай-ақ шетелдік инвестициялары бар кәсіпорын одан шыққанда немесе таратылғанда оның жарғылық қорындағы үлесін түгел немесе бір бөлігін сатуға байланысты алған сомасын шет елдерге аударуына немесе тиісті валютада төлем жасауына кепілдік беріледі.

Шетел инвесторларының "Маңғыстау" ЕЭА аумағындағы қызметі нәтижесінде ұлттық валютадағы алған пайдасы аймақ аумағында қайтадан еркін инвестицияға түсіріліп пайдаланылуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеде көзделген тәртіппен шет елге аударылуы мүмкін.

24-бап. Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі арасындағы даулар Қазақстан Республикасының сот және төрелік сот органдарында немесе тараптардың келісуі бойынша аралық сотта қаралады.

25-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да тіркелген отандық және шетелдік инвесторлар мүлікке қосалқы жалгерлік хұқ пен мүліктік хұқты және жалгерлік келісімге қол қоюшы жақтардың немесе олардың заңды мұрагерлерінің өзара келісуі бойынша пайдалану хұқын беруге хұқы бар.

Отандық және шетелдік инвесторлармен жерді және басқа да табиғи ресурстарды, үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды, өнеркәсіптік және басқа да кәсіпорындарды пайдалануға арналған жалгерлік келісімді қайта қарауға тек қана келісімге қол қойған жақтардың немесе олардың заңды мұрагерлерінің өзара келісімі бойынша, не болмаса соттың немесе төрелік соттың шешімі бойынша жол беріледі.

26-бап. Инвесторлардың өз мүліктерін де пайдалану хұқы, оның ішінде заемдық валюта қаржысын тарту Қазақстан Республикасының "Кепіл туралы" Заңына сәйкес міндеттемелердің барлық түрін кепілдік қамтамасыз ету ретінде п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

27-бап. Әкімшілік кеңестің аймақта тіркелген, шаруашылық және басқа коммерциялық қызметті жүзеге асырушы отандық және шетелдік заңды ұйымдарға, азаматтарға белгіленген тәртіп бойынша жеңілдіктер:<*>

- негізгі өндірістік қорлардың жекелеген топтары бойынша жеделдете (жылына 20 процентке дейін) амортизациялау нормасына рұқсат беруге;

- жерді және сатып алған жылжымайтын мүлікті пайдаланудың төмен ставкаларын, сондай-ақ коммуналдық және көлік қызметін көрсету тарифтерін е н г і з у г е ;

- жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті зерттеу мекемелерімен ынтымақтасып бірлескен ғылыми-ізвестіру жұмыстарын жүргізуге арналған с у б с и д и я б е р у г е ;

- "Маңғыстау" ЕЭА-да орналасқан банкілер мен басқа да заңды ұйымдардан алынатын заемдар мен несиелер бойынша кепілдіктер беруге;

- жаңа кәсіпорындар салуды тікелей қаржыландыру үшін облигациялар шығаруға р ұ қ с а т е т у г е ;

- инфрақұрылым объектілерін жеңілдікпен немесе тегін пайдалануға рұқсат е т у г е ;

Ескерту. 27-баптың бірінші абзацынан сөздер алып тасталған, үшінші, тоғызыншы, оныншы абзацтары алынып тасталған - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен.

28-бап. Әкімшілік кеңес "Маңғыстау" ЕЭА аумағындағы барлық басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындауына міндетті, Қазақстан Республикасының тиісті заң және нормативті актілерімен белгіленген табиғатты пайдалану, айналадағы табиғи ортаны қорғау тәртібі, санитарлық-гигиеналық және жұқпалы ауруларға қарсы ереженің, зиянды заттардың радиацияның, тербелістің, шудың және т. б. жол берілетін шекті деңгейі сақталуын "Маңғыстау" ЕЭА аумағында қамтамасыз етеді.

Табиғатты пайдалануға байланысты шаруашылық шешімдерін қабылдаудың алдында жобаларға мемлекеттік экологиялық, санитарлық-гигиеналық сараптау немесе тиісті ресурстық негіздемелер жү р г і з і л у і т и і с .

29-бап. Меншік нысанына қарамастан "Маңғыстау" ЕЭА аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге Қазақстан Республикасының Мемстаткомы бекіткен мемлекеттік статистикалық есеп

беру қолданылады және оны табыс ету ақпаратты жіберушінің қаржысы есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік ақпарат салығы болып саналады.

4 бөлім. "Маңғыстау" ЕЭА-дағы меншік қатынастары және жекешелендіру шарттары

30-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында меншіктің барлық нысандары заң жүзінде мойындалып, қорғалады, оларды, тең хұқылығы қамтамасыз етіледі.

ЕЭА аумағындағы жер сатуға жатпайды. Әкімшілік кеңесі шаруашылық жүргізуші субъектілерге жер мен басқа да табиғи ресурстарды пайдалану және жалға алу хұқын беру тәртібін анықтайды.

31-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тұрған, Қазақстан Республикасының меншігіндегі және тікелей басқаруындағы мемлекеттік меншік объектілерінің (республиканың темір жол, әуе, теңіз және магистральды труба құбыры көлігі, бірыңғай энергия жүйесінің элементтері), сол сияқты мемлекет иелігінен алуға және жекешелендіруге жатпайтын объектілердің жұмыс істеуін ЕЭА-ның әкімшілік кеңесі тиісті республикалық басқару органдарымен ынтымақтастық шарттары негізінде үйлестіріп отырады.

32-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесінің аймақ аумағындағы республикалық меншік объектілерін мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті әзірлейтін жалпыреспубликалық бағдарламаға енгізуге хұқы бар.

ЕЭА аумағында орналасқан мемлекет меншігіндегі объектілерді мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесінде алынған қаржы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бөлінеді.

Жекешелендіру барысында Қазақстан Республикасына тиесілі акцияларды (жарналарды) сатудан алынған қаржыны тиімді әрі нысаналы пайдалану мақсатында "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуімен оларды арнайы құрылған ЕЭА экономикалық және әлеуметтік даму қорына, сондай-ақ ЕЭА-ның кепілді валюталық қорына ішінара шоғырландыра алады.

33-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі негізгі мақсаты ЕЭА аумағы шегінде табиғи ресурстарды шаруагерлікпен игеру болып табылатын қор корпорациясын құра алады. Корпорация Қазақстан Республикасының заңдары жол беретін шеңберде шаруашылық қызметінің барлық түрін жүзеге асырады. Қор корпорациясы акциясының бақылау пакетіне Қазақстан Республикасы ие болады. Акцияның бақылау пакетіне иелік ету хұқы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуімен "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесіне беріледі.

Корпорация өз қызметін жүзеге асыру үшін отандық және шетелдік заемдық қаржыларды тартып, Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерге орналастыру үшін акциялар мен облигациялар шығарады, инвестициялық қызмет атқаруды жүзеге асырады және кәсіпорындар мен банкілерді құрады немесе құруға қатысады. Оның ақша қаржысынан, жер учаскелерінен, құрылыстарынан, жабдықтардан, басқа да материалдық игіліктер мен хұқықтардан тұратын материалдық қорды қалыптастыруға және оларға дербес иелік етуге хұқы бар.

Корпорацияның қаржылық операциясын, сондай-ақ бағалы қағаздармен жасайтын операциясын Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкісінің "Маңғыстау" еркін экономикалық аймағындағы тиісті бөлімшесі бақылайды және реттеп отырады.

34-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі "Кен қойнауы және минералды шикізатты ұқсату туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес аймақ аумағындағы табиғи ресурстар кені орындарын барлау мен игерудің реттелуін қамтамасыз етеді.

35-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында жер учаскелерін пайдалануға, сондай-ақ табиғи ресурстарды барлау мен игеруге байланысты шаруашылық қызметі аймақтың әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіп бойынша беретін рұқсат (лицензия) негізінде жүзеге асырылады.

Аталған лицензияларда игеруші кәсіпорындардың салықтары мен басқа да төлем түрлері мен мөлшерін қоса алғанда пайдалы қазбалар кен орындарын игерудің нақты шарттары ескеріледі. Кен қойнауы үшін ақы мөлшерін анықтаған кезде геологиялық-барлау жұмыстарына және минералды шикізат базаларын ұлғайта дамытуға жұмсалған шығындарға өтем жасау ставкасы ескеріледі.

36-бап. "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі ЕЭА аумағындағы табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы шаруашылық қызметті реттеу тәртібін бекітеді онда:

түрлі деңгейдегі басқару органдарының кен қойнауына жіберу және оны пайдалану тәртібінде қарама-қайшылық пен айқынсыздықты болдырмайтын құзырын дәл межелеп беру;

шетел инвесторларын қоса алғанда барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің, алдын ала ескертілгеннен басқа реттерде табиғи ресурстарды іздестіру, барлау және пайдалану хұқын алуға тең жол берілуі; республикада белгіленген нормативтік-әдістемелік құжаттамаға, сондай-ақ әлемдік практикаға сәйкес анықталатын төлемдердің мөлшері мен түрлері көзделеді.

5 бөлім. САЛЫҚ САЛУ, ВАЛЮТАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ-КРЕДИТ МЕХАНИЗМІ

37-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында ЕЭА әкімшілік кеңесіне бағынатын салық қызметі жұмыс істейді, салық операциясының барлық түрін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының салық жүйесі іс-әрекет жасайды. Аймақ аумағында салық заңдарының сақталуына бақылау жасауды әкімшілік кеңеспен қатар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық қызметінің органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 37-баптың екінші және үшінші абзацтары алынып тасталған - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен.

38 - б а п . < * >

39 - б а п . < * >

Ескерту. 38, 39-баптар алынып тасталған - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен.

40-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-ның өз алдына дербес бюджеті мен төлем балансы болады.

"Маңғыстау" ЕЭА-ы Қазақстан Республикасының қаржы міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты республика да "Маңғыстау" ЕЭА-ның және оның аумағында тіркелген заңды ұйымдар мен жекелей еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

41-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндеттемелеріне кепілдік беруді аймақтың әкімшілік Кеңесі, өкілетті банктер, қаржы компаниялары, заңды ұйымдардың құрылтайшылары жүзеге асырады.

42-бап. "Маңғыстау" ЕЭА бюджетінің кіріс бөлігі "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңға, сондай-ақ оның ережелеріне қайшы келмейтін "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы", "Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" заңдары мен басқа да тиісті заңдарға сәйкес қалыптастырылады. Аймақ бюджетіне түсімдер мен төлемдерді реттеу механизмін "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісінің бөлімшесімен бірлесе отырып белгілейді.

"Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен бірыңғай нысан мен әдістемелік бойынша бюджеттің атқарылуы туралы қажетті ақпараттың, жедел және бухгалтерлік есеп-қисаптың табыс етілуін қамтамасыз етеді.

43-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі банкті тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкті ашуға берген рұқсатының негізінде жүзеге асырады. < * >

Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.02.15 N 209 қаулысымен.

44-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-дағы ақша айналымының тұрақтылығын

камтамасыз ету, несие-қаржы жүйесі қызметіне кешенді әрі тиімді бақылау жасау және басқару үшін аймақ аумағында Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкісінің бөлімшесі жұмыс істейді, ол өз қызметінде тек қана Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісіне есеп береді. <*>

Ескерту. 44-бап өзгерді - ҚР Үкіметінің 1996.02.15 N 209 қаулысымен .

45-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкісінің бөлімшесі аймақ аумағында шетелдік банкілердің бөлімшелері мен фирмаларын және шет елдер қатысатын банктерді қоса алғанда банкілер мен басқа да несиелік мекемелерді тіркеуді белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады.

46-бап. Коммерциялық банкілер мен шет елдер қатысатын банкілердің қызметіне Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкісінің бөлімшесі "Қазақ КСР-індегі банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген тәртіппен лицензия береді.

47-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-ның ішкі нарығында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы айналыста болады.

Шет ел валютасын және шет ел валютасындағы төлем құжаттарын пайдалануға аймақтың әкімшілік кеңесінің келісуімен Қазақстан Республикасының Ұлттық мембанкі белгілеген тәртіппен жол беріледі.

48-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-ның шет мемлекеттермен есеп айырысуы тараптардың келісуі бойынша кез-келген валютамен жүргізіледі.

49-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында шет ел валютасының қолма-қолсыз түрде сатып алу мен есеп айырысуды жүзеге асыру хұқы аймақ аумағында тіркелген, жұмыс істейтін және тұратын барлық заңды ұйымдар мен азаматтарға қ о л д а н а д ы .

5 0 - б а п . < * >

Ескерту. 50-бап алынып тасталған - ҚРМК-інің 2.08.1995 ж. N 1069 қаулысымен, 40-66-баптар тиісінше 38-63-баптар болып саналсын.

6 бөлім. "Маңғыстау" ЕЭА-дағы кедендік режимнің және Қазақстан Республикасының басқа да аймақтарымен және шет ел мемлекеттерімен тауар айырбасының негіздері

51-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында айрықша кедендік режимі әрекет ж а с а й д ы .

"Маңғыстау" ЕЭА аумағында кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін аймақтың әкімшілік кеңесіне бағынатын арнаулы кеден басқармасы құрылады.

ЕЭА-ның кеден басқармасының қызметі "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңмен, Қазақстан Республикасының оған қайшы келмейтін заңдарымен реттеледі және де "Маңғыстау" ЕЭА бюджет қаржысымен қаржыландырылады.

52-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-ның аумағында, одан тыс жерлерде тұратын отандық және шетелдік шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы тауар мен көрсетілген қызмет айырбасы Қазақстан Республикасының заңдарымен жол берілетін кез келген тауар айырбасы операциясы нысандарында жүзге асырылады.

"Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі аймақтан қосымша ұқсатусыз әкетілетін шикізат тауарларының тізбесі мен квотасын белгілеуге хұқылы.

53-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағына тауар әкелу мен қызмет көрсету, тауарлар мен көрсетілетін қызмет аумақ пен халыққа қатер төндіретіннен, экологиялық және техникалық стандартқа сәйкес келмейтіннен, азаматтардың денсаулығына, көңіл-күйіне, мәдени және табиғи ескерткіштердің сақталуына хауіп төндіретіннен басқа жағдайда шектеуден босатылады.

54-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында өндірілген тауарлардың экспорты, шығарылуы Қазақстан Республикасының үкіметаралық келісімдерімен шектелген тауарлардан басқасы, квоталау мен лицензиялаудан босатылады.

55-бап. Аймақта пайдалануға арналған тауарлар мен көрсетілетін қызмет импорты, әкелінуі арнаулы ереже және Қазақстан Республикасының үкіметаралық келісімдері бойынша жүзеге асырылатын тауарлардан (көрсетілетін қызметтен) басқасы, квота мен лицензиядан босатылады.

Импортуалатын тауарларды Қазақстан Республикасының өзге аймағы мен басқа да мемлекеттердің аумағына кейіннен қайта экспорттау жалпы негізде жүзеге асырылады.

Аймақ аумағы бойынша темір жол, әуе және теңіз көлігімен жүзеге асырылатын транзит жүктер мен жолаушылар тасымалы, сондай-ақ көрсетілетін байланыс қызметі, электр энергиясын тұтыну Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен тарифтер бойынша төленеді және аймақтың әкімшілік кеңесі белгілеген салықтар мен кеден баж салығы салынбайды.

"Маңғыстау" ЕЭА аумағы арқылы Қазақстан Республикасының өзге өңірі аумағына өткізілетін тауарлардың экспорты мен импорты нендей бір кеден баж салығынсыз жүзеге асырылады.

7 бөлім. "Маңғыстау" ЕЭА-дағы еңбек қатынастары

56-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдары ережелерінің "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Заңға қайшы келмейтін бөлігі қолданылады.

57-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын заңды ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер

аймақтың кәсіпорындарда жұмыс істеуі үшін оның әкімшілік кеңес белгілейтін басым тәртіппен жергілікті еңбек ресурстарын тартады және еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып оларды оқытуға және мамандыққа қайта даярлауға қ а т ы с а д ы .

Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға және мамандыққа қайта даярлауға бағытталған пайданың бір бөлігі "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесінің шешімімен салықтан босатылуы мүмкін.

58-бап. "Маңғыстау" ЕЭА кәсіпорындарында, әлеуметтік кепілдіктер мен өтем жасау мәселелерін қоса алғанда, еңбек қатынастары ұжымдық шарттарымен (контракттармен) р е т т е л е д і .

Ұжымдық және жеке еңбек шарттарының талаптары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген талаптармен салыстырғанда "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тіркелген және жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысшыларының жағдайын нашарлатпауы тиіс.

Қызметкерлердің еңбекақысы, сондай-ақ басқа да табыс түрлерінің шарттары мен мөлшерін өз қызметін шаруашылық есеп негізінде дербес асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар өз қаржысы есебінен; бюджеттегі ұйымдар мен мекемелер - "Маңғыстау" ЕЭА-ның бюджеті мен жергілікті бюджет қаржысы е с е б і н е н б е л г і л е й д і .

Кәсіпорындардың шет ел қызметкерлеріне ақы төлеу, демалыс беру, зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері жекелеген контракттарымен анықталады. Осы қызметкерлердің шет ел валютасымен алған табыстарын олар ш е т е л г е е ш б і р б ө г е у с і з а у д а р а а л а д ы .

59-бап. "Маңғыстау" ЕЭА аумағында тіркеліп, жұмыс істейтін заңды ұйымдардың өздері құрайтын валюта қоры есебінен жұмысшылар мен мамандарға шетелдік валютамен жалақы төлеуге хұқы бар, ЕЭА банкілеріндегі арнаулы есепшотқа аударылады және аймақтың мамандандырылған дүкендерінде пайдалану үшін бәсіре чектер, несиелік кәртішкелер мен басқа да төлем қаржыларын беру жолымен төленеді, сондай-ақ осы есепшот иелеріне ш е т е л г е к е т к е н к е з і н д е қ о л м а - қ о л б е р і л е д і .

60-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да индекстелген ең аз мөлшердегі жалақы, жергілікті зейнетақы, жәрдемақы, дотация, стипендия мен әлеуметтік қамсыздандырудың басқа да түрлері белгіленеді, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгеннен төмен болмауы тиіс.

Қосымша үстемеақының мөлшерін әкімшілік кеңесі белгілейді және ол " Маңғыстау"ЕЭА бюджетінің қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

61-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да жалақысына аудандық коэффициенттер белгіленген жерлерде тұратын азаматтар үшін жеңілдіктер сақталады.

Осы жеңілдіктерді қаржыландыру белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

62-бап. Кәсіпорын қысқартылуына немесе таратылуына (қайта құрылуына) байланысты жұмыстан шығарылған жағдайда ЕЭА жұмысшылары мен қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жәрдемақы төленеді.

Жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыны тағайындау шарттары мен төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес "Маңғыстау" ЕЭА әкімшілік кеңесі белгілейді.

8 бөлім. "Маңғыстау" ЕЭА-дағы келумен кету режимі

63-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да шет ел азаматтарының келуінің, кетуі мен болуының жеңілдетілген режимі қолданылады.

64-бап. "Маңғыстау" ЕЭА-да тіркелген заңды ұйымдардың қызмет бабымен ешқандай бөгетсіз шет ел азаматтарын шақыру және өз қызметкерлерін шет елдерге іссапарға жіберу жөнінде дербес шешім қабылдауға хұқы бар.

"Маңғыстау" ЕЭА-да тіркелген заңды ұйымдардың өкілдері және оның аумағында тұратын азаматтар аймақ аумағына емін-еркін келу хұқымен пайдаланады.

65-бап. Хұқық қорғау органдарының қызметі "Маңғыстау" ЕЭА аумағында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9 бөлім. "Маңғыстау" ЕЭА мәртебесін өзгерту және қызметін тоқтату

66-бап. "Маңғыстау" ЕЭА мәртебесін өзгертуді, сондай-ақ оны таратуды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырады.